

№ 190 орта мектеп

**№ 190 орта мектеп
бойынша «Сымбат» қыздар
ұйымының жұмыс жоспары**

2023-2024 оқу жылы



Бекітемін:
Мектеп директоры:  **Ғ.Қабақбай**

2023-2024 жыл оқу жылына арналған №190 орта мектепте «Сымбат» қыздар ұйымының жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Өткізілетін уақыты	Жауапты
1	2023-2024 оқу жылына қыздар жиналысын өткізіп, жылдық жоспармен таныстыру. 1. Қыздар кеңесінің құрамын сайлау. 2. Тазалық, тәртіп — басты талап» тазалық қарау, бақылау 3. «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» баяндама. 4. «Бүгінгі қазақ қызы қандай?» пікірталас 5. «Қыз баланың жалпы қауіпсіздігі» (9-11 сыныптар арасында) Қыздарды сырттай зерттеу, бақылау, түнгі рейдтер ұйымдастыру	1 тоқсан	Ш.Тағыберген Ж.Әйміш А.Үмбетәлі
2	1 «Қыз қылығымен» қыз балаларға ақыл-кеңестер 2. «Иманды болу-парызын» баяндама 3. «Қызға қырық үйден тию» қыз балаларға ақыл-кеңестер 4. «Педикулез» мектеп мейіркесімен кезекті отырыс өткізу 5. Қыз арасында дене тәрбиесі пән мұғалімдерімен бірлесіп спорттық жарыстар ұйымдастыр	2 тоқсан	Ш.Тағыберген Ж.Әйміш А.Үмбетәлі
3	1. Бастауыш сынып 1-4 сынып қыздары арасында «Қыз сыны» байқауын ұйымдастыру 2. «Қазақ қызының бейнесі» 5-10 сынып қыздары арасында өнерлі қыздар сайысын ұйымдастыру 3. «Қыздар кеңес» мектеп медбикесімен бірлесіп кездесу өткізу. 4. «Шығармашылық — жетістік бастауы» көрме	3 тоқсан	Ш.Тағыберген Ж.Әйміш А.Үмбетәлі



	5.«Шаш өру-казак қызына тән» видео ролик көрсету		
4	1.«Үлгілі үйдің қыздары» лекция 2. «Ерлер-ел қорғаны» қыздардың ер балаларға тартуы 3. «Жылы жүрек- жақсы тілек» тренинг 4. «Бой түзеу -әуелі ой түзеу» пікірталас 5. Қыздар кеңесінің атқарған жұмыстарының қорытынды есебі	4 тоқсан	Ш.Тағыберген Ж.Әйміш А.Үмбетәлі

Қыздар ұйымының жетекшісі:



Ш.Тағыберген

№ 190 орта мектеп бойынша «Сымбат» қыздар ұйымының жүргізген жұмыстарының есебі

Р/с	Мекеме атауы	Өткізілген күні	Қатысқан бала саны	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Әлеуметтік желіде жариялану	
						Суреттер	Сілтемдер
1	№ 190 орта мектеп	08. 09. 2023 ж	35	Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі	Баянлама		https://www.facebook.com/share/UwbWgVqul4iVtSUa/?mibextid=WC7FNe
2		14. 10. 2023 ж	30	Қыз баланың жалпы даму деңгейі	9-11 сынып арасында жиналыс өткізу		https://www.facebook.com/share/pNYvHFBYivzXDxq1/?mibextid=q12Omge
3		20. 11. 2023 ж	3	Қыздарды сырттай зерттеу, бақылау, түнгі рейдтер ұйымдастыру	Түнгі кезекшілік		https://www.facebook.com/share/epi91LzAEiVUxVWJ/?
4		06. 12. 2023 ж	25	«Иманды болу – парыз»	Баянлама		https://www.facebook.com/share/9C6WXVBjEzMU7JL6/?
5		15. 01. 2024 ж	35	«Қызға қырық үйден «сән»	Қыз балаларға ақыл кеңестер		https://www.facebook.com/share/epi91LzAEiVUxVWJ/?
6		14. 02. 2024 ж	30	Бастауыш сыныптар арасында қыз еміне байқауы	Қыз еміне байқауы		https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid021WN7g0BYUxL3vKIQqXAaMGbeAneeZBNJtQEB5Cn6tUfNndQS4tKuEXZdMeLV1l&id=100044224114619
7		07. 03. 2024 ж		Қыздар кеңесі	Мектеп медбикесімен бірлесіп, кездесу өткізу		https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02AGfWYB6U9MKbGEIQepRK3ucCsSbHXsCmHVzKhcCMkb4BAMqv3DXwMgQbwUQjd8DzIk&id=100044224114619

№ 190 орта мектеп

«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»

2023-2024 оқу жылы

Қыз тәрбиесі – ұлттық тәрбие

«Қызды тәрбиелегеннің – бір ұрпақты тәрбиелегенің», - деген екен ата-бабамыз. Бұл сөздің астарында үлкен мәселе жатыр. Өйткені қыз болашақ ұрпақтың анасы. Ұрпақ жалғастығын бәрінен жоғары қою, өле-өлгенше баласына қамқорлық көрсету әлемнің бірқатар елдерінде сақтала бермейтін дәстүр. Атам заманнан келе жатқан салт-дәстүрдің қуанышы мол, қызықтысы – ұлын ұяға қондыру, қызын қияға ұшыру, бір сөзбен айтқанда қыз ұзатып, келін түсіру болған. «Алып анадан туады» дегенді түптей түсінген қазақ елінде Ананы ардақтау, Ананы сыйлау, оның ішінде жаңа түскен жас келінді құметтеу бұзылмас салт-дәстүрге айналған. Ұрпағымыздың бойына ұлттық тәрбиені, имандылық қасиеттерді сіңірсек, халқының әдеп-салтын жақсы білетін, ата-анасын сыйлайтын, ел үшін еңбек ететін ұрпақ тәрбиелеген боламыз. Пайғамбарымыз Мұхаммед «Кімнің үш қызы болып, оларға дұрыс тәрбие берсе, маңдай терімен тапқанына киіндіріп бақса, олар (қыздарын тәрбиелеп өсіргені) сол үшін тозақ отынан қалқан болады», - деген. Бұл шынымен де қыз бала тәрбиесінің ата-анаға оңай түспейтіндігін дәлелдейді. Қыз баланың ары мен абыройы, сыры мен сымбатын сақтауы, келешек өміріне даярлығы әрқайсысы өз алдына дербес тақырып. Халқымызда «бір ұл тәрбиелесең бір әулетті тәрбиелегенің, бір қыз тәрбиелесең бір ұрпақты тәрбиелегенің» деген дана сөз бар. Қыз баланың болмысын биіктететін, оның тұлғалық ерекшеліктерін айқындайтын тәрбие мен ұлттық құндылықтарды айтар едім. Ана тілімізде «қыз» деген сөз бар. Ол ең қасиетті де, құрметті сөз. Қасиетті болатыны- бүкіл адамзат әйелден тарайды: қыз келін болады, келін - анаға айналады, ал ана-әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша болған. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген. «Қыз - өріс, ұл - қоныс» деп білгендіктен қазекем өрісін кеңейтер қыз балаға айрықша көңіл бөлген. Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» дей отырып, «қызға қырық үйден тиым» жасайды. Осы тұста қыз тәрбиесіндегі жеңге рөлі де көзден таса болмайды. Бұл байланысты аталарымыз «Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді» деп тұжырымдаған. Өйткені әке-шеше айта алмайтын сырды жеңге жеткізеді. Қыздың балғын болмыс-бітімі мен тәрбиесінің басы-қасында аяулы жеңгелер жүреді. Ата-ана қызынан еш нәрсені аямайды. Оның еш нәрседен мұқтажсыз, бұла өсуін қадағалайды. Өйткені қызға бергенді қызыр өтейді деп біледі. Сонымен бірге қазекем қызды бетімен де жібермейді. Қызды қымтап ұстаған ұялмайды» дей отырып, оларды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіруді парыз санайды. Олардың ар-ұятының сақшысы бәріне жауапты екенін ешуақыт ұмытпаған. Содан да болар, бір жағынан «қыз бен жылқы жаудікі» деп қыз тәрбиесіне мейілінше сақ қарайды. Қыз баққаннан қысырақ баққанның оңайлығын» жадынан шығармай баянды отанын тапқанша өзінің жауапты екенін еш ұмытпаған. Сөйте тұра қызды жағадағы құндыздай күтеді. «Күйеу жаман болса қызыңнан» деуінде үлкен мән бар. Өзінің отбасында керекті тәрбиенің бәрін көріп өскен қыз бала, соған қоса мінезді де қылықты болса, парасатты да пайымды болса екен дейді. Қызын дұрыс тәрбиені алмаған ата-анаға бабаларымыз тағыда «Қызды күте алмаған күң етеді, жібекті түте алмаған жүн етеді» деген. Қыздарымыздың асыл қасиеті, жан-дүниесі нәзік, адал махаббат иесі болғандығын, дәулетке, байлыққа жиһазға қызықпағандығын жыр-дастандардан білеміз. Қазақ қызды махаббат атты асыл сезімді айрықша қастерлеп, аялаған. Сүйген адамымен қол ұстасып бірге жүрсе, тіпті қатықсыз қара көже ішсе де бақыттымын деп, өмірге риза болған. Ұлттық бойындағы бір жақсы қасиеттерді – тілін, дінін, әдеп-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дамытушы, әрине, әйел – ана. Халқымыздың ырысты ынтымағын, береке – бірлігін, туыстық татулығын іске асыратын да, ұйымдастыратын да әйел – ана. «Ағайын тату болса – ат көп, абысын тату болса – ас көп», - деген ұлағатты сөз осыдан туса керек. Кең байтақ ұлы даланы мекендеген қара орман халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрінің, мінез-құлықтарының да біркелкі ұқсас болып келуі бұрынғы

өткен қасиетті Домалақ ана, Айша бибі, Жаған бегім, Нұрбике ханым, Айғаным, Ұлпан, Зере, Ұлжан сынды дана аналарымыздан қалған үлгі. Қазақтар әдетте елге келін болып түскен қыз өз елінің барлық жақсы қасиеттерін, рухани – моральдық құндылықтарын өзімен бірге ала келіп, табалдырығын аттаған босағасының игілігіне, қала берді бүкіл сол бір қалың елге сіңірген. Бұл жақсы үрдіс, ғибратты кәде бүкіл ұлттық бірлігіне, рухани болмысына игі ықпалын тигізген. Сондықтан да халқымыз қыздарына төрден орын беріп, қонақ деп еркелетіп, парасаттылыққа баулып еркін өсірген. Ерке қыз, иманды әйел, қасиетті ана солардан шыққан. Қазақтың батыл қыздары ақын қыздары, ақылды қыздары ұлтты тәрбиелейді. Пәрәнже – сәтір кимеген, сөйте тұра еркіндік пен есерліктің ара жігін ажырата білген парасатты, тапқыр, төзімді, өнерлі, танысын төбесіне түйіп жауға шапқан батыр қыздар осы біздің қазақ халқында болған. «Тар қолтықтан оқ тисе, тартып алар қарындас» деп қызға сеніммен арқа сүйеу де тек қазақта. Қыздар тәрбиесі қоғамда рухани құндылықтарды, ұлы мұраттарды иманды және инабатты бәсекемен қалыптастырады. Бұл адамның ішкі түйсігіне өрелі қасиеттерді алға шығарады. Сол адамдық қасиеттерді бойына сіңіре білген жандардан тараған ұрпақ ақыл мен алғырлықтың бүкіл бітім-болмысын оданда артығырақ жақсартады. Қызды тәрбиелеу, өсіру, бойжеткізу ең маңызды мәселе. Қыз өсіру гүл өсірумен бірдей! Гүлге әлсін-әлсін су құйып, ауа жеткізіп, арам шөптерден тазартып отыру керек. Бұндай тиянақты күтім болмаса гүл солып қалады. Қыз да сондай. Оған тәлім мен тәрбие, өнер мен өнеге беру маңызды мәселе болып табылады. Әр ата-ана өз қызын өнегелі етіп өсіруге бар күшін салады. әр қыз өз отбасының тәрбиесінен ұядан ұшып, өмір деген үлкен әлемге қанат қағады. Қазақ қыздарына ғасырлар бойы осындай отбасылық тәрбие берумен өсірді. Өткенге қарап отырсақ ата-бабаларымыз қыздарын жақсы келін болуға емес, әр саладағы жақсы мамандар мен бірге «Ана» болуға тәрбиеледі. Болашақ ұрпақтың рухани несібесі бүгінгі қыздарымыздың қолында. Отан үшін қызмет еткен қыз, ең алдымен ана тілінің көзі, бастауы, мөлдір бұлағы. Ана тілі қызбен бірге, өседі. Қыз – Ана тілінің анасы, қоғам қайраткері, әйелсіз ешбір қоғам алға баспайды. Ал әйел тапқан бала - қоғамның жайқалған жемісі. Сол жақсы жемісті өсіретін де - әйел. «Қызға - қырық үйден тию» - деген мақал – ауыл болып, ағайын болып қызға ақыл айту, өсиет айту, өнеге көрсету деген сөз. Олай болса қыз тәрбиесі тек әке мен шешенің ғана емес, ағайын – туыстың, бүкіл ауылдық қоғамның мәселесі болуы тиіс. Қазір «жастар азып барады», «жастар тәрбиесіз» дегенді жиі айта бастағандаймыз. Біле білсек, бұл жастардың емес, мына біздердің, яғни ата-аналардың, қоғамның қасіреті. Өйткені, нарық қыспағына тап болған, дәулеті шағын отбасынан шыққан жастар тұрмыс тауқыметке көп шалдығады. Сондықтан бұл мәселеде мемлекет, қоғам болып ойланатын жағдайлар тым көп. Мұның өзі үлкен бір тақырыпқа өзек болар ауқымды мәселе дер едік. Жалпы алғанда, аналардың жағдайы, бала тәрбиесі қоғам үшін де қажет. Дені таза, ширақ туып, ширап өскен, сіз – бізбен тілі шыққан, ата-анасын, ағайын-туысын, үлкені сыйлап өскен ұл мен қыз халқымыздың болашағы, қоғамымыздың тұтқасы болмақ. Қыздар – ұлт анасы! Осы ұлт атағына лайық болыңыздар! Ұлт тағдыры қыздарға байланысты екенін ұмытпаңыздар, қазақ қыздары. Болашақ ұлт анасына қамқоршы болыңыздар. Алла тағала қолдаса, бүгінгі қазақ қыздары елін, жерін қорғайтын балуан, батыр, болашақ ұрпақтың асыл анасына айналарына сеніміміз мол. Қазақтың аяулы арулары бүгінді ғана ойламай, болашақты, келешек ұрпақты да ойласа деймін. .

8 желтоқсан 2023 ж

7-11 сыныптар арасында өткен қыздар жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ж. Әріпбаев, мектеп психологы А. Зейнаддин, әлеуметтік педагог Б. Ерболат, сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» баяндама
2. «Қыз-қылығымен көрікті»
3. Әртүрлі мәселелер

Бірінші болып сөз алған «Сымбат» қыздар ұйымының жетекшісі

Ш. Тағыберген. Құрметті мектебіміздің қыздары «Қызды тәрбиелегеніміз- бір ұрпақты тәрбиелегенмен тең» деген ата-бабамыз. Бұл сөздің астарында үлкен мәселе жатыр. Өйткені қыз болашақ ұрпақтың анасы. Ұрпағымыздың бойына ұлттық тәрбиені, имандылық қасиеттерді сіңірсек, халқының әдеп-салтын жақсы білетін, ата-анасын сыйлайтын, ел үшін еңбек ететін ұрпақ тәрбиелеген боламыз. Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша болған. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуын үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылықты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген. Қазақ қыздарына ғасырлар бойы осындай отбасылық тәрбие берумен өсірді. Өткенге қарап отырсақ ата-бабаларымыз қыздарын жақсы келін болуға емес, әр саладағы жақсы мамандар мен бірге «Ана» болуға тәрбиеледі. Олай болса қыз тәрбиесі тек әке мен шешенің ғана емес, ағайын – туыстың, бүкіл ауылдық қоғамның мәселесі болуы тиіс. Қазақтың аяулы арулары бүгінді ғана ойламай, болашақты, келешек ұрпақты да ойласа деймін.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы А. Зейнаддин сөйледі. «Қыздарға әсемдік жарасады» демекші қыз балалар тәрбиесін, қыз баланы әдеміліктің, әдептіліктің, жан – жақты сұлулықтың жаршысы екенін сөз етпекпіз. Біздің халқымызда қыз деген сөздің өзі әдеміліктің, жан – жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады. Халқымыз қыз баланы ардақтап ұстайды, оған қатты сөз айтпай, мәпелеп өсіреді. Қыз балалардан қыздар туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер сұрады. Қазіргі қыздарға тән ұзын шаш жойылып кеткен жоқ, қайта көбейіп келеді. Бұрымды бүгін жырласақ оның әсемдікке қатысы болғаны да. Бұрым меніңше әсемдік, әдемілік қатарына

кіреді. Қыз бойындағы алғашқы көзге ұрар әсемдік осы. Ендеше жақсы сөзді аямайық. Қыздарға айтарым « қазақ қызы» деген қастерлі де қасиетті атқа лайық болыңдар. Білімді де тәрбиелі қырдың қызғалдағындай жайнап өсе беріндер.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ж. Әріпбаев қыздардың мектеп формасы, мектептегі ішкі тәртіп ережесі, түнгі уақытта көшеге шықпау туралы қатаң ескертілді. Егерде түнгі уақытта көшеде жүрген қызды көрсе ата-аналарына айыппұл салынатынын да айтты.

Шешім қабылданды:

1. Бірінші мәселе бойынша қыздар ұйымының жетешісі Ш. Тағыберген баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Әр сынып жетекшісі сынып қыздарымен етене жұмыс жасасын.

Қыздар ұйымының жетекшісі:



Ш. Тағыберген

Хатшы:



Д. Ахмет



қазір **Акбота Алпамыс** және **Майгүл Рахмет** деген пайдаланушылармен бір жерде.

5 нау. · 🌐

◆◆ӘЖЕМ АЙТҚАН ЕРТЕГІ◆◆

№190 орта мектепте ата - аналармен "Біртұтас тәрбие беру" бағдарламасын іске асыру мақсатында "Даналық мектебі" аясында бастауыш сынып мұғалімі Сейтбаева Ақботаның ұйымдастыруымен "Әжем а... Жаю



2024 жылдың 4сәуір күні № 190 орта мектепте 8 - 11 сынып оқушыларына білім, денсаулық сақтау, ішкі саясат бөлімдері, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аудан бойынша бөлімі, полиция бөлімі, прокуратура өкілдерінің қатысуымен білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикалық шараларын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық – зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу бағытында ақпараттық – танымдық біліммен қамтамасыз ету шаралары жүргізілді.

Қатысқандар:

1. М. Бегалиева – Қазалы аудандық полиция бөлімі. Жергілікті полиция қызметі Ювеналды полиция тобының инспекторы, полиция майоры.
2. Б. Айымқұлов - Қазалы аудандық білім бөлімінің әдіскері
3. Ә. Әлиева - Қазалы Жастар Денсаулығы бөлімінің дәрігері

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық – зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу

№190 орта мектеп директорының міндетін қоса атқарушы М. Рахмет оқушыларды күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып, түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты жөнінде сөз алды:

- Құқық қорғау органдарының өкілдері мен мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен құқық бұзушылықтың алдын алу профилактикалық шараларын ұйымдастыру, балалар мен жасөспірімдердің өмірі мен қауіпсіздігін сақтау бағытында әдістемелік көмек беру, түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі Қазалы аудандық полиция бөлімі. Жергілікті полиция қызметі Ювеналды полиция тобының инспекторы, полиция майоры **М. Бегалиева жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу туралы сөз алды:**

- Жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында бірнеше мәрте жедел профилактикалық іс – шаралар өткізіліп, прокуратура, аудандық білім бөлімі, денсаулық сақтау, жастар ресурстар орталығы және басқа да үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен жоспарлы жұмыстар атқарылды.

Атап айтқанда «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ», «Балақай, сен білесің бе?», «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім», «Абайлаңыз, балалар!», «бала еңбегін қанау» атты профилактикалық шаралар аясында үнемі рейдтік іс – шаралар жүргізілуде.

Қазалы ауданы бойынша жасөспірімдер, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қадағалаусыз, ата-анасының карауынсыз қалуының алдын алу барысында жыл бойы жұмыс жасалып келеді. Сынып жетекшілер әрбір баланың жүріс – тұрысы мен эмоционалдық – психикалық жағдайын ескеріп жұмыс атқарулары, қандай да бір өзгеру - күйзеліс жағдайын байқаған бойдан дабыл қағып, дереу шаралар қолданулары қажет.

Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында білім мекемелерінің мұғалімдері – әрбір орын алған немесе орын алуы мүмкін құқық бұзушылықтар бойынша дереу полиция бөліміне хабардар етуді, сонымен бірге жастар ресурстары орталығымен бірлесе жұмыс атқару керектігін ескеріп, балаларымыздың жарқын болашағы үшін тынбастан бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын.

Оқушыларға келесі кезекте Қазалы аудандық Жастар денсаулығы бөлімінің дәрігері Ә. Әлиева сөз алды:

-Түсіндірме жұмысын мектеп директоры міндетін қоса атқарушы М. Рахмет қорытындылап, оқушыларға беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, бөгде яғни таныс емес адамдардан зат алмау, жаман әдеттерден аулақ болу жайында өз ойын айтты. Алдағы уақытта түнгі кезекшілік барысында көзге түскен оқушылардың ата – аналарына ескерту берілетіндігін айтты. Болашақтарың жарқын болу үшін қазіргі замандағы керек емес заттардан аулақ болуға шақырды.

Қаулы:

1. Білім беру ұйымдарында жүргізілген құқық бұзушылықтың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстарға қаперге алынып, мектептегі оқу – тәрбие жұмыстарын жандандыру жолға қойылсын.

Мектеп директорының міндетін қоса атқарушы:

М. Рахмет

Хатшысы:  Ж. Әріпбаев

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ №190 ОРТА
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА №190 ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

120403, Ақтан батыр ауылы, Ақтан батыр көшесі, № 5
Тел: 8-(72438) 25-2-61 Kazaly_190@mail.kz

120403, аул Ақтан батыр, ул Ақтан батыра № 5
тел: 8-(72438) 25-2-61 Kazaly_190@mail.kz

«Сымбат» қыздар ұйымының атқарған жұмыстары туралы Анықтама

Мектепте 288 оқушы бар болса оның ішінде саны 141-і қыз балалар. 59 оқушы (қыз бала) бастауыш сыныптарда білім алады. 60 қыз бала 5-9 сыныптарда және 22 қыз бала 10-11 сыныптарда білім алууда. «Адал адам» мәдени тәрбие орталығында 18 қыз би үйірмесіне қатысады. Домбыра үйірмесінде бір қыз бала. Мектеп парламенті құрамында 5 қыз бала фракция мүшесі болып табылады. Мектеп жанынан құрылған «Алтыным» би тобы аудандық бишілер байқауына қатысып, «Алғыс хатпен» марапатталды. «Тұран» дебат клубының құрамында 7 қыз бала бар. «Позитив» жайдарман тобында 3 қыз бала өнер көрсетеді.

Жалпы қыз балалардың арасында бұл уақытқа дейін құқықбұзушылық немесе басқа да жағдайлар орын алған жоқ. Сынып жетекшілер сыныптарындағы ахуалды бақылап отырады.

Ұсыныс: Оқушы қыздардың тәртібін қадағалау сынып жетекшілерге жүктелсін;

Қоғамдық үйірмелерге тартылуын қадағалау сынып жетекшілерге, бақылау мектеп тәлімгерлеріне міндеттелсін.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Ж. Әріпбаев

15.03.2024 ж

8-11 сыныптар арасында өткен қыздар жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ж. Әріпбаев, мектеп медбикесі А. Өмірзақ, тәлімгер Д. Ахмет, «Сымбат» қыздар ұйымының жетекшісі Ш. Тағыберген, сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. Ерте жүктіліктің алдын-алу, жыныстық жолмен берілетін инфекциялық аурулар
2. «Қыздарға өнеге беру жолдары»
3. Алдағы мәселелер

Бірінші болып сөз алған мектептің медбикесі А. Өмірзақ. Құрметті оқушылар сендер қазір бой жетіп келесіңдер. Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болған жүктілікті айтамыз. Бұл кезде қыз балада бойжеткен кезеңі гормоналды ауысу кезеңі басталады. Жүктілік кезінде жүрек-қан тамыр жүйесіне, эндокриндік жүйеге тән және басқа да жүйелерге қосымша жүктеме түсетіні белгілі. Ал бойжеткен кезінде әлі толық қалыптаспаған ағзаға одан да күшті жүктеме түседі. Қазіргі заманда қыз балалардың жыныстық дамуы ерте жүреді, сондықтан да сексуалдық қалау да ерте дамиды. Ата-аналардың басты мақсаты балаларды жыныстық өмірге психологиялық дайындау керек және де бұл әрекеттер балалар жыныстық өмір бастамай тұрып ерте жасалу керек. Проблемадан күресудің ең үздік тәсілі-сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-ана баласымен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптарды оқу. Егер бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі керек. Осындай өмірге ол дайын ба? Баланы көтеріп өмірге әкеле ала ма? Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса, ол сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпараттануы керек. Сонымен қатар жыныстық жолмен берілетін әртүрлі инфекциялық аурулар болады. Солардың бірі мерез немесе сифилис, соз ауруы немесе гонорея, гениталдық герпес, хламидоз, вагинит, ЖИТС.

Екінші мәселе бойынша қыздар ұйымының жетекшісі Ш. Тағыберген «Қыздарға өнегелі тәрбие беру жолдары» тақырыбында айтты. Адамзат баласы өз ұрпағын тәрбиелеумен келеді, ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Адамзат ес білгелі бері өз баласын өте тәртіпті, кішіпейіл, білімді, шебер, еңбекқор, үлгілі отбасы иесі, үлгілі әке мен шеше, бақытты әже ретінде

көргісі келеді.Өнегелі, тәрқатты күлу, қатты сөйлеу, мініп келе жатқан көлік ішінде үлкенге орбиелі қыз бала қандай болуы керек? Қыз-өмірдің қызғалдағы, қыздар болашақ ана, бақыт- байлық ошағы, адамзаттың өсіп- өркендеп, тәлім-тәрбие алатын қасиетті ұясы. Дауыс көтеріп, оспадарсыз сөйлесең, сыртқы бейнең қанша сұлу болып, әдемі киініп тұрсаң да жарасым таппайды. Адаммен қарым-қатынас сөйлесе білу ғой, сондықтан да айналаңнан күнделікті өмірде жақсы, жанға жағымды сөзбен дауысыңды, сөйлеу мәнеріңді түзетіп, жақсылықты бойыңа жина. Теледидардан, журналдан көргеннің бәріне еліктеуге болмайды. Батыстың мәнсіз музыкасын тыңдап, соған бой алдырып, еліріп қисаңдаған қыздардан не күтеміз? Көпшілік орындарда қатты күлу, қатты сөйлеу, ешкіммен санаспай, өз беттерінше дауырығып, дөрекі сөздер айтып, айғайлап сөйлеу өзімшіл, өркөкіректікті көрсетеді. Слайд бойынша «Қызға 40 үйден тыйым» сөздері көрсетілді. Сөз соңында тәртібіңмен, өнеріңмен ұлтыңның намысын қорғайтын мектеп мақтанышы болындар.

Келесі кезекте мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ж. Әріпбаев қыздардың бірыңғай мектеп формасын сақтауды ұзын юбка кимей, күнделікті шаштарын өріп, бантик тағып жүруді қатаң тапсырды.

Шешім қабылданды:

1. Жеке бас гигиенасына байланысты мектеп медбикесі А. Өмірзақ тұрақты түрде кеңестер беріп тұрсын.
2. Әр сынып жетекшілер мектеп психологымен, қыздар ұйымының жетекшісімен бірлесіп жұмыс жасасын.

Қыздар ұйымының жетекшісі:  Ш. Тағыберген

Хатшысы:  Д. Ахмет